

"Тұсті металлургия үйымдарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 227 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 10 маусымда тіркелді. Тіркеу N 3674. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 11 тамыздағы N 628 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.08.11 N 628 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған "Тұсті металлургия үйымдарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Үйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А.Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

M и n i s t r d i n

міндеттін атқарушы

Қазақстан

Республикасы

Денсаулық

сақтау

министрін

2005

жылғы

13

мамырдағы

**"Тұсті металлургия кәсіпорындарын қамтамасыз
етуге және пайдалануға қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"
санитарлық-эпидемиологиялық
ережелері мен нормалары**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер

1. "Тұсті металлургия объектілерін қамтамасыз етуге және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары (бұдан bylai - санитарлық ережелер) жеке меншік түріне қарамастан ұйымдарға және жұмыстары тұсті металлургия кәсіпорындарын жобалаумен, құрылыш түрғызумен, қалпына келтірумен, пайдаға асырумен байланысты жеке тұлғаларға арналған.

2. Осы санитарлық ережелерде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) тұсті металлургия кәсіпорындары - кен шығару және байытумен, тұсті металдар мен олардың құймаларын өндіру және өндеумен айналысатын өнеркәсіп саласы;

2) кивцэтті құйма - металдарды бір агрегатта ала отырып, шихтаны күйдіру және еріту циклондық пеш пен еріту камерасында жүргізу процесі, ал келесі кезекте құйма шикізаттары (металдарды қалпына келтіру, айдау және конденсациялау) агрегаттың электротермиялық бөлігінде тарамдалады;

3) зумпф - су немесе гидроқоспаны жинауға арналған шоғырлаушы сыйымдылық;

4) конвертер - техникалық оттегімен, ауамен немесе басқа да тотықтырығыш газбен үрлеу арқылы штейннан құрыш, мыс алуға арналған агрегат;

5) мульда - жинаушы машинаның пешіне шихтаны тиеге арналған құйма құрыш қорап;

6) реторт - әртүрлі заттарды қыздыруға және айдауға арналған бұрып аппаратын құбыры бар химиялық ыдыс;

7) фурма - металлургиялық агрегаттарға үрлеуге арналған қондырығы;

8) футеровка - жағу пештерінің, сыйымдылық құбырларының ішкі қорғаушы

- 9) шлиker - қорғасын тазартудың жанама шикізаты;
- 10) шток - механизм бөліктерін поршнемен байланыстыруға арналған қайта түсу қозғалысын жасайтын цилиндрлі стержень.

2. Өнеркәсіп алаңының аумағына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

3. Тұсті металлургия кәсіпорындарының өнеркәсіп алаңы іске қосылған құрылыш нормалары мен ережелеріне (бұдан былай - ҚНЕ) сәйкес келуі тиіс.

4. Фтор тұздарын өндіретін және алтын шығару фабрикаларының бак аппаратуrasesы ашылатын өндірістік және көмекші ғимараттардың жел соғатын жағында ашық аландарда жерлерінен 25 м-ден кем емес қашықтықта орналасуы тиіс.

5. Алюминий электролизі корпустарында жабық және жартылай жабық желдетілмейтін ауласы бар құрылышқа тыйым салынады.

6. Өнеркәсіп алаңының аумағында I және II сыныптағы зияндылығы бар заттардан тұратын шикізат және радиоактивті заттар өндіруші ғимараттар мен құрылыштарда, сонымен қатар май және мазут қоймаларында өндірістік құбырларға ағатын өткізгіштері болуы керек.

3. Өндіріс ғимараттары мен құрылыштарына қойылатын талаптар

7. Өндіріс ғимараттары мен құрылыштарын көлемді-жоспарлық және конструктивті шешім қабылдау істеп тұрған ҚНЕ талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8. Бөлінген зиянды заттарды ескере отырып, өндіріс участкерінің ошақталуын қамтамасыз ету және олардың бір-біріне әсері болмауы тиіс:

1) барлық өндірістерде - шикізат материалдарының қоймаларында; материалдарды бөлшектеу және ұсату участкерінде; күйдіру, қыздыру, біріктіру, агломерациялық, балқыту, гидрометаллургиялық, гидрохимиялық, электролиз, тазарту цехтарында; ерітінділерді даярлау және тазалау; реагенттерді даярлау және сақтау; электролитті флотациялау және даярлау; ожауларды қырнау, қоюландыру, сұзгілеу, кептіру, өндеу және жөндеу; балқыту пештерінің негізін жөндеу; алынатын жабдықтар мен алмалы-салмалы коммуникацияны тазалау және жуу бөлімдерінде; дайын өнімдерді өлшеп орау, буып-түю қоймаларында; өнеркәсіп ағындыларын залалсыздандыру; кептіру пештерін шаңды газды тазалау; вакуум-насостық бөлімдерде; өздігінен жүретін техника мен электрокарлар парктерінде; КИП, пульттық басқару орындарында; дем алу және т а м а қ т а н у

орында ;

2) глинозем өндірісінде - кремниден тазалау, қызыл шламды жуу және қоюландыру, өндірістік гидратты қырнау, декомпозициялау, даярлау, каустикалық соданы цистернадан лап шығару, карбонизациялау, кальцинациялау, қотару; аппараттардың қақпақтарында және ыстық тік аппараттарының жоғарғы басындағы жұмыс аймақтарында;

3) Электролиттік тәсілмен алюминий өндіру - электролизерларды жалпы жөндеу, электролиздік өндірістің қатты қалдықтарын газды тазалау және қайта өндеу ерітінділерінен фтор түздарын регенерациялау цехтарында; электрокүюда; электролизерларды жалпы жөндеу цехтарында - электролизерларды демонтаждау, қалың массаны даярлау бөлімдерінде, пісіру; фтор түздарын регенерациялау цехтарында - қырнау және кремнийден тазарту бөлімдерінде;

4) электродтық өнімдерді, анодтық массаны және күйген анодтарды өндіруде - пек даярлау, жасыл анодтарды араластыру-құю, күйдіру, анодтарды демонтаждау және монтаждау;

5) техникалық көміртегін өндіруде - ұстап қалу (тұту), қайта өндеу, дайын өнімдерді буу, жинақтау бөлімдері, айналмалы резинокордты контейнерлерді тазарту және жөндеу участекелері; тұту бөлімдерінің жендерін демонтаждау және монтаждау;

6) техникалық таза кремний өндірісінде - дайын өнімдерді өндеу бөлімдері;

7) фтор қосындылары өндірісінде - пеш бөлімдері, еріткіш қышқылдарды мөлшерлеу, адсорбциялық тазарту және құю бөлімдері, түздарды пісіру участекелері;

8) екіншілік алюминий өндірісінде - алюминий жаңқаларын кептіру, флюстерді қалпына келтіру және дайындау, қалдықтарды сактау бөлімдері;

9) мырыш өндірісінде - анодтар мен катодтарды дайындау процестері, дростарды өндеу, иректі құбырларды жуу және дәнекерлеу;

10) мысты отпен тазарту - анодтық, вайербарстық, оттегісіз мыс алу бөлімдері;

11) мыс электролизі цехтарында - шлам өндеу бөлімдері;

12) никель өндірісінде - брикеттеу, орау, файнштейнді бөлу, күкіртқышқылды никель алу процестері, анодтық, никельдің шала тотығын тотықсыздандыру, автоклавтық-химиялық бөлімдері, күкіртті пайдалану цехтары, сұйық күкірт қоймалары, ұнтақтау-араластыру және кептіру-престеу цехтарында - ыстық қоспаны, коллекторлар және циклондарды түсіру, қайтару торабы, брикеттік процестер участекелері; балқыту цехтарында - конвертерлік қалдықтарды азайту процестері, конвертерлік және құю бөлімдері; күйдіру-қалпына келтіру цехтарында - шырақ қалдықтарын межесізендіру; гидрометаллургиялық цехтарда - түсті металдарды тұндыру бөлімдері; никелді электролитикалық тазалау цехтарында - көмекші материалдарды сактау және өндеу бөлмелері;

13) кобальт цехтарында - сынықтар мен қалдықтарды өндөу процестері, хлорға арналған таратқыш қондырғылар;

14) карбонилді процесспен никель алу өндірісінде - никель карбонилін синтездеу, аршу, ыдырату, ұнтақпен өндөу, көміртегі тотығын алу, газгольдерлер бөлімдері; аршып өндөу бөлімінде - кубтық қалдықтарды, никель карбонилдері және кубтық қалдықтарына арналған ыдыстарды газсыздандыру; ұнтақтарды өндөу бөлімдерінде - брикеттеу;

15) магний өндірісінде - магний мен оның қорытпаларын құю, суыту, қолданылған электролиттерді қайта өндөу бөлімдері; магний-сынап қорытпаларын балқыту, магний-сынап қорытпаларының кесектерін қыздыру, оларды прокаттау, жинау және табақтарды кесу учаскелері;

16) алтынды бөліп алу кәсіпорындарында - амальгамациялық қайта балқытууды сорбциялау, регенерациялау, реторттық пештер, алтын тұнбаларын қышқылды өндөу, шламдарды, реагенттері бар бөшкелерді дайындау бөлімдері;

17) платина мен платиноидтар алууда - шикізаттарды қабылдау және сынақтан еткізу, дайын өнімдерді қабылдау, әрбір металл үшін химиялық және электролитикалық процестер, ерітінділер мен ұнтақты өнімдерді құрамын байыту бөлімдері. Бөлімдердің әрқайсысының галереяға шығатын жеке есіктері б о л у ы к е р е к ;

18) қалайы және оның негізіндегі қорытпалар өндірісі - қара қалайыны вакуумдық тазарту қондырғылары, пештердің индукторларын қуаттандыратын генераторлар; босатылып алынған алюминий және сурьма жиындыларын суыту және сақтау учаскелері.

9. Агломерациялық бөлімдерде: агломерациялық машиналардың артқы бөлігін агломерациялық корпустың барлық негізгі бөлмелерінен оқшаулау қажет; агломерациялық бөлімнің бөлмелері мен таспалардың бос жүрісі арасында торлы жабын қондырылмауы тиіс.

10. Карбонилді әдіспен никель өндірісінде барлық реакторлар, ректификациялық бағаналар, ыдыратқыштар никель карбонилін синтездеу, ректификациялау және ыдырату барысында галереяға шығатын сыртқы есігі бар жабық бөлмеде орналасуы қажет. Әрбір бөліктердің есігінде ауа тарайтын тұрақты қондырғыдан газге қарсы тұтікшені қосатын штуцерлермен жабдықталады.

11. Жаңадан салынған ғимараттардың алюминий электролизі мен тазарту корпустарында ауаның табиғи ағымы төменнен электролизерлардың ұзына бойлап корпустың барлық ұзындығында болуын қамтамасыз етілуі тиіс.

12. Бөлмелердің айтарлықтай жылы төбелерінде сөнбейтін аэрациондық шамдар немесе шахталар қондырылуы керек.

13. Фторлы қосылыстар бөлөтін өндіріс бөлмелердегі және фтор өндірісіне жақын орналасқан басқа цехтардағы жарық түсетін тесіктерді бітеу үшін фтордың әсеріне берік мөлдір материалдар қолданылуы керек.

14. Көп мөлшерде жылу және зиянды заттар бөлөтін көп қабатты бөлімдердің жабындыларында (электродтық масса өндіруде, қара никель өндіруде балқыту бөлімдері) ашық тесіктер болған жағдайда әрбір қабаттың бөлек желдетілуін қамтамасыз ететін қондырылар қарастырылады.

15. Магний электролизі корпусының ток және хлор өткізгіштері жабық емес жартылай үй асты бөлмелері, үйдің терендетілген участеклері (транспортерлардың, сорғыштардың, жинағыштар жанындағы арнайы ойықтар) үнемі желдетіліп тұруы тиіс.

16. Сынап буының ауаға таралу қаупі бар бөлмелер сынаппен және оның қосындыларымен және сынап толтырылған құралдармен жұмыс істеуге арналған өндірістік және зертханалық орындарды жобалау, жабдықтау, пайдаланудың санитарлық ережелерінің талаптарын қанағаттандыруы қажет.

17. Өндіріс орындарында орналасқан үнемі қызметтегі жұмысшылар отыратын жабдықтарды қашықтықта бақылау және басқару пульттари қызметкерлердің жұмысы үшін қалыпты жағдайды қамтамасыз ететін қондырылармен жабдықталған жабық орындарда немесе арнайы бөлмелерде жайғастырылады (шуды басу, кондиционерлік немесе таза ауа беру).

4. Технологиялық процестер мен жабдықтарға қойылатын талаптар

18. Тазартқыш қондырылардан шандарды түсіру және оны тасымалдау механикаландырылып, шанды болдырмауы қажет.

19. Қурал-жабдықтардың жабу және сору конструкциялары қызмет етуі мен жөндеуге қол жетімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

20. Реагенттерді дайындаудың және қолданатын жерлерде жергілікті сорғыштар б о л у ы к е р е к :

1) реагенттері бар тараларды ашу және қотару камераларынан;

2) реагенттерді, реакторларды және жинағыш чандарды қоректендірушілдерден;

3) өнеркәсіптік ағындыларды залалсыздандыру бөлімдерінде залалсыздандыру аппаратурасынан.

21. Ерітінді күбілер мен жұмсалған бактарды тазарту және реагент ыдыстарын жуу механикаландырылған әдіспен жүргізуі қажет; жуынды сулар өндірістік күбырларға ағуы керек.

22. Құрамында I-III класс қауіптіліктегі зиянды заттары бар қойыртпақтарды сүзуге арналған сұзгіш-престер мен вакуум-сұзгіштер жабындармен қамтамасыз етілуі керек.

23. Реагенттік және дренаждық бөлімдердің насостарын іске қосу жұмсалатын бактың және дренаждық зумпфенің деңгейіне байланысты автоматты орындалуы керек.

24. 1 және 11 класс қауіптігі бар заттарды залалсыздандыру аспирациямен, бақылау және қашықтықта басқару құралдарымен қамтамасыз етілген өтпейтін жабдықтарда іске асуы қажет.

25. Құрғақ концентраттарды түсіру, елеу, шикіқұрамдау процестері механикаландырылған болуы керек.

26. Ыстық агломераттарды сұыту, ылғалдау және қайтару арнайы құрылғыларда жүргізуі керек. Температураға және түсетін агломераттың мөлшеріне байланысты, ылғалдау үшін берілетін су автоматты түрде реттелуі тиіс. Салқыннатқыштар ішінде пайда болған шаң мен бу жергілікті желдеткіштер арқылы сорылып, соңынан тазартылуы керек.

27. Агломерацияндық машиналардың коллекторындағы технологиялық вакуумды пайдаланған кезде шаң жиналатын қаптан шаңның шығу қауіпі болғанда, қақпақшалар арқылы бұғаттауды қарастыру керек.

28. Агломератты тасу және қайтару үшін жабық транспорт қолданылады (виброконвейерлер, пневмотранспорт, жабық скипті көтергіштер т.б.).

29. Құйыстыратын агрегаттар механикалық шойын төсегіштермен жабдықталуы керек. Қүйдіргіш пештердегі ыстық қалдықтар жабық түрде тасылуы керек.

30. Кендер мен концентраттар балқытатын электр пештерінен шығатын газдар тазартылуы қажет. Кендер мен концентраттар балқытатын пештердің жолдары мен температуралық тігістері өтпейтін болуы керек.

31. Шахта пештерін толтыратын құрылғылар пешке салу кезінде газ және шаң шығармауы керек.

32. Конвертерлер шаң жібермейтін жабындармен және металл қалдықтарын жинап, аластау үшін механикаландырылған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

33. Бак аппаратурасынан ерітінділерді беру және шығару құбыреткізгіштердің бойымен жүргізуі қажет. Бак аппаратурасы ерітінділерді автоматты түрде жібермейтін құралдармен, төгілетін материалдарды механикаландырылған түрде төгетін қондырғылармен және жергілікті тиімді сорғыштармен жабдықталуы қажет; сонымен қатар қақпақтармен жабылуы тиіс.

34. Өндірістің барлық кезеңдерінде құрамында 1-111 класс қауіптегі зиянды заттар бар ерітінділерді жабық құбырлар арқылы тасымалдау керек. Мұндай ерітінділерді ашық ағызуға немесе науамен жіберуге болмайды.

35. Токсикалық заты бар құралдарды жөндеу алдында, оны босатып, бейтараптайтын затпен ішін жақсылап жуу керек.

36. Бак аппаратурасын, булайтын және құбырлы аппараттарды, автоклавтарды, реакторларды жуу механикаландырылып, жақсы желдетілуі керек.

37. Электролиздік ванналарға жергілікті желдеткіш қою керек. Судағы ертінділер электролизінде арнайы көбіктендіргіштер қолданылуы керек.

38. Құбыр аралықтарындағы және мұздатқыштар қабырғаларындағы органикалық заттардан тазарту үшін күш түспейтін және тері мен жұмыс киіміне зиянды заттар жүқтүрмайтын әдістерді пайдалану керек.

39. Барлық өздігінен жүретін машиналардың кабиналары жабық, ауаны зиянды заттардан тазартатын құрылғылармен жабдықталған болуы керек.

Машинадан шығатын дизельдік және карбюраторлық газдарды залалсыздандыру шараларын қарастыру керек.

40. Біріншілік алюминийді қайтадан құру және реконструкциялау өндірісінде жұмыс аймағындағы ауаға пекококстық композициялардан шайырлы заттардың бөлінуін жоятын электролизерларды қарастыру қажет.

41. Электролизерлардың барлық типтері жабынмен және жергілікті сорғыш желдеткіштермен қамтамасыз етілуі керек.

42. Екіншілік алюминий өндірісінде жабық вагондар мен автофургондардан алюминий жаңқалары мен ірі кесектерін түсіру және іріктейтін конвейерлерде кесектерді іріктеу процестері механикаландырылуы керек.

43. Алюминий жаңқаларын (зауыт ішіндегі) жабық транспортпен тасу керек.

44. Электроиндукциялық пештердің тигльдерін және құятын ожауларды жеке бөлмеде жөндеу керек.

45. Қорғасын өндірісінде қорғасын кесектерін құяр кездегі тазарту механикаландырылуы керек.

46. Горндарды, сифондарды, шлак терезелерін ашу, жабу, шахта пештерінің формдарын тазарту, қара қорғасынды аршу кезінде шликерлер мен күмісті көбіктерді алу процестері механикаландырылуы керек.

47. Мырыш өндірісінде мырыш шоқтарын сілтілеу және қойыртпақты қойылту процестері қашықтықтан басқарылуы керек.

48. Никельді металлургиялық өндіруде шахта пештерінің колошниктері су немесе ауамен салқындастылуы керек. Троллейкарщиктің жұмыс орны жылу сәулесінен экран арқылы қорғалуы керек.

49. Никелді электролитикалық тазартқанда және кобальт өндірісінде құрамында әсерлеспеген хлоры бар ертіндін сұзуге болмайды.

50. Негізгі процестер үшін тек өздігінен босатылатын герметикалы сұзгіштер қолданылады. Рамалы сұзгіш-прессорлар қондыруға болмайды.

51. Күкірт қышқылы мен оның ерітінділерін құралға беру (егер дозатордағы ерітіндінің концентрациясы 100 г/л-ден жоғары болса) стационарлық коммуникация бойынша жүргізуі керек. Коммуникация герметикасы жүйелі түрде тексеріліп тұруы керек.

52. Катод ұяларын желімдеу орындары, оларды кептіру орындары жабындылармен және сорғыш желдеткіштермен жабдықталуы тиіс.

53. Цехтарда:

1) никель электролизі - никель негіздерін дайындау, тазарту бөлімдерінің барлық процестері, өндөудің барлық түрлері және катодты никелді тасу, дайын енімді буюу;

2) кобальттық - гидробөлімдердегі барлық жұмыстар, майдалау, ұнтау және магниттік елеу, сындыру, футеровка және тауарлық кобальт тотығын ыдыстарға толтыру жұмыстар механикаландырылуы керек.

54. Карбонилді әдіспен таза никель алу өндірісінде:

1) Никель карбонилімен зертханаларда істелетін барлық жұмыстар және сынамалар тартқыш шкафттар ішінде орындалуы керек.

2) Реакторларды түсіретін жерде желдеткіштер болуы керек.

3) Өндірісте қолданылатын материалдарды түсіру, үю және никель ұнтақтарымен жұмыстар механикаландырылуы керек.

55. Молибден, вольфрам өндірістерінде:

1) Күкіртті натрийдің қолданылуымен ерітінділерді ауыр металдардан тазарту ауа кірмейтін жабық құралдарда жүргізіледі;

2) ұнтақтарды пластификаторлармен араластыру (глицерин, спирт) желдетілетін жабық жерде жүргізіледі.

56. Магний және оның қорытпалары өндірісінде электролизерлардағы анодтық жабынды тығыздау үшін құрғақ ұнтақтарды пайдалану керек.

57. Шламды ойып алу, хлор өткізгіштерді, пештердің көмейін, электролизерлардан жұмсалған электролиттерді алу жұмыстарын қолмен істеуге болмайды. Негізгі цех қораптарына жұмыстан өткен электролитті құюға болмайды.

58. Титан өндірісінде:

1) Жүйелі конденсациядағы хлоратордың ағу жүйесіне қышқылды суды жіберетін жекеше жүйесі болуы керек.

2) Тотықсыздандырығыш аппараттан хлорлы магнийді жергілікті желдеткіші бар тек құрғақ және жылы ожаулар мен қораптарға құяды.

3) Өнімдерді ванадий мен алюминийден тазарту үшін құрылғыға реагенттерді қую механикаландырылып, жергілікті тартқыштар жұмысы кезінде жүргізіледі.

4) Монтаж, демонтаж және тотықсыздандырығыш аппараттар мен вакуумдық дистилляцияны тазарту, реторттағы титанды губкаларды іріктеу, жергілікті

тартқыштармен жабдықталған арнайы стендтерде жүргізіледі. Тасымалдау, аппараттарды қондыру, түсіру, титандық губкаларды іріктеу және ұнтау жұмыстарының бәрі механикаландырылуы керек.

59. Алтын алуда су айналымының тұйық циклінде сорбциондық-сұзгішсіз технологияны қолданған жөн.

60. Басты сынаманы талдау ауа жібермейтін жабық елеуіштерде жүргізуі керек. Елеу жұмысы механикаландырылып, тартқыш шкаф ішінде орындалады.

61. Цианий пульпасын сұзетін фабрикаларды жобалау мен қайта құру кезінде вакуум-сұзгіштің автоматты басқарылуын қарастырған жөн.

62. Балқытылған цианийді ерітетін бөшкелер, агитаторлар, жұмысшылардың жиынтық бөшкелері, алтынсыздандырылған, айналмалы ерітінділер (сұзгіш рамкалармен қамтамасыз етілген түссіздендіретін бөшкелерден басқа), дискілі (шеміштік) цианий балқымаларын тыңайтқыштар қақпақтармен жабылып, механикалық тартқыш желдеткіштермен қосылуы керек.

63. Алтын құрамды өнімдерді өндейтін пештердің механикалық тартқыш шкафтары және жылудан қорғайтын жабындары болуы керек, ал электр пештерінің одан басқа шудан және электр дугасының ашық сәулесінен қорғайтын қорғандары болуы керек.

64. Дренажды торлар мен колонкаларды тазарту механикаландырылған болуы керек.

65. Жуатын және қалпына келтіретін колонкалардың конструкциясында және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруды қарайтын терезелер болмау керек.

66. Тұндыратын электролизерлер (қайта тұндыратын) газ сорғышы бар кабина сияқты жабынмен жабдықталуы керек.

67. Сирек кездесетін металдар өндірісінде (бұдан былай СКМ):

1) СКМ-ды каскадтық бөлгенде жабынмен және жергілікті тазартумен жабдықталған тік экстрактының жабық типін қолданған жөн;

2) СКМ-ды иондық алмасумен бөлу үшін жүйені реагенттермен толтыру және ерітінділерді қотару автоматты орындалуы керек;

3) реакторлар мен тұндырғыштарға аммиякты ашық әдіспен жіберуге болмайды;

4) СКМ қосылыстарының тұнбасын механикалық аластау және оларды ауа жібермейтін коммуникация арқылы төсөніш үшін пештерге жіберетін құрылғымен жабдықталған дабыл сұзгіштерде сүзеді;

5) СКМ қосылыстары тұнбаларын нутчсұзгіштерден сұзу үшін олар ауа жібермейтін жабынмен және жергілікті сорғыштармен жабдықталған тұндырғыштардың ішінде орналасуы керек;

6) тұздар тұнбасын түсіру және нутчсұзгіштерді алу механикаландырылуы к е р е к ;

7) тұнбаларды алу және сүзгіш-престерді тазарту тұздарды механикалық түрде кетіретін және оларды одан әрі өндөуге жіберетін арнайы құрылғыларда жүргізіледі;

8) СКМ хлорид ертінділерін буландыру үшін қолданылатын реакторлар ауа жібермейтін жабық болуы керек;

9) СКМ тұздары ұнтақтарын салқын айналмалы пештерге салу керек. Бұл пештерге материалдарды салу, түсіру механикаландырылған және ауа жібермейтін жабық себетін құрылғымен жабдықталуы керек;

10) хлоридтерді кептіру механикалық тиесу, түсіру және жеке себетін құрылғылармен жабдықталған пештерде жүргізіледі;

11) дайын ұнтақтарды елеу күйдіру пештеріне түсіретін участеклеріне және жинағыш-бункерлерге ауа жібермейтіндегі мұқият қосылған ауа классификаторларында жүргізіледі;

12) классификатор жүйесіне ауа ағыны мен материалдар жүйе ішінде цех бөлмесінен шаңның түсуіне кедергі келтіретін теріс қысымның пайда болуын ескере отырып жіберіледі;

13) пештердің ойықтары ұнтағы бар тиглдерді пешке механикалық түрде беретін және жұмысшыларға сәуле әсерін жібермейтін камера-шлюздермен және жабық транспортерлармен жабдықталуы керек;

14) тиглдерді суыту үшін пештерден алу механикаландырылуы керек;

15) ұнтақтар суытатын жерлер жинағыш-бункерлерге тиглдерді өздігімен жіберетін құрылғымен жабдықталуы керек;

16) ұнтақтарды орташаландырыштарға тиесу және түсіру тиетін, түсіретін люктармен ауа жібермейтіндегі қосылған жабық шнекті құрылғылар көмегімен орындалуы көрек;

17) дайын ұнтақтарды өлшеу және буу автоматты дозаторлар мен буатын машиналардың көмегімен арнайы участеклерде жүргізіледі.

5. Қоршаған орта ауасының параметрлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

68. Жұмыс аймағы ауасындағы негізгі зиянды заттарға бақылау келесі тізімдерге сәйкес жүргізіледі.

69. Цианиймен жұмыс істегендегі және амальгамацияда, сорбция, десорбция, алтын алу фабрикаларында реагенттерді сақтау және дайындау бөлмелерінде, карбонилді әдіспен никель өндіруде, платиниодтер өндірісінде, қалайы өндірісінің тазарту цехтарында, автоматты приборлармен (газ анализаторлары

т.б.), жұмыс орнындағы синил қышқылы, сынап, никель карбонилі, платиноидтар буы коэффициенттік мүмкіндік шегінен асқанда қосылатын сигнализация жүйесімен (дыбыстық, жарықтық) жабдықталуы қажет.

6. Жылуға, желдетуге және жарыққа қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

70. Өндірістік және қосалқы орындарды жылдыту істеп тұрған стандарттар мен СанЕН талаптарына сәйкес келуі тиіс.

71. "Ылғалды" жұмыстар жүргізетін үйлерде жылудың салқын мерзімінде, сыртқы ауа температурасының қыстық есебіне және қақпаның ашылу ұзақтығына тәуелсіз, бес есе көбейтілген ыстық ауа жіберетін тамбурлар қарастырылуы керек.

72. Цех бөлмелерінен технологиялық мақсатта ауаны алу кезінде, қысқы уақытта оның көлемі жылдытылған сыртқы ауа ағынымен толтырылуы керек.

73. Екі не одан да көп қабатты үйлердің желдетілуі жекеше, төменгі қатардан келетін зиянды заттарды есепке ала отырып жобаланады.

74. Өндіріс участкерлері сатылы жерлерде орналасқан тау бөктеріндегі гимараттардың әрбір сатысында жеке желдеткіштері болуы керек.

75. Жазғы температурасы +28 ° С және одан жоғары, салыстырмалы ылғалдылығы 50 пайыздан (бұдан былай - %) кем емес аудандарда орналасқан, ауа жылдылығы айтарлықтай жоғары цехтарда, жылдың жылды кезеңдерінде қосалқы аэрациондық құыстарда ауаның адиобатикалық салқындауын ұйымдастыру керек.

76. Аэраторды қолдануға жоғары температура аймағында (30 ° С жоғары), техникалық себептермен сыртқы ауа жетпегендеге рұқсат етіледі.

77. Бөлінетін газдар мөлшері уақытқа байланысты өзгеретін технологиялық агрегаттардан (электролизерлар, конвертерлар, сәуле шағылтқыш пештер т.б.) автоматты тұрде реттелетін газ көлемінің өзгермелі сорылуымен жүзеге асырылуы керек.

78. Ерітінді және электролиттер бар барлық ыдыстар жергілікті тартқыш желдеткіштермен қамтамасыз етілуі керек. Олардан кететін ауаның көлемі технологиялық нормамен анықталады. Жұмыс пен тексеру құыстары қиылсындағы ауаның жылдамдығы:

1) хлор немесе күкіртті газ бөлінгенде - 1,5 м/сек;

2) ерітінділер аэрозольдары мен күкірт қышқылы бөлінгенде - 1,0 м/сек-тан төмен болмауы керек.

79. Сұзгіш-престердің рамалы сұзгіштерінен ерітіндін ағызатын науаларын қайырмалы қақпақпен жауып, оның астынан жергілікті желдеткіш орнату керек.

80. Бір мезгілде бу мен шаң шығатын жерлерде ылғалды шаң ұстағыштар орнату керек.

81. Майдалау, ұнтақтау, кептіру, елеу, өлшеу, шикізат компоненттерін араластыру құралдары, дайын шихта мен құрғақ материалдар үшін таспалы транспортерлар, сұзгіштер, ыдыстардағы балқытылған металдарды суландыру аймағы, сұытқыштар, барабан-сөндіргіштер, ылғал шығаратын көздер, штейндік және шлактық науалар, таспалы тесіктер, ожаулар, миксерлердің технологиялық жабындары болуы керек. Оларда бөлінетін ауаның тазартылуы мен аспирация қарастырылуы керек. Табақтық, лотоктық, дабылды, шнектік т.б. қуаттандырылғыштардың технологиялық жабдықтарындағы аспирациялық жүйелері аяа жолымен біріктірілген (тиеу жолдары арқылы) жабындармен қамтамасыз етілуі керек.

82. Аяа жолдарын, газ сорғыш өзектерін, пеш көмейлерін және тазарту құрылғыларын ауық-ауық механикалық тазартып, шаң мен шламды жою құрылғыларымен жабдықталуы керек.

83. Анодты масса цехтарында араластыру машиналары мен пекті балқытқыштар жергілікті сору желдеткіштерімен жабдықталуы қажет.

84. Екіншілік алюминий өндірісінде шикізатты кептіру құрылғыларындағы түсіретін және тиейтін жерлер, жаңқа, шлак және басқа сусымалы материалдарды түсіретін жерлер, пештер тиглдері мен құятын ожауларды жөндейтін стендер, шлактарды қабылдайтын және сақтайтын аландар, кремний ұнтайтын жерлер, шағылыстыратын және электроиндукциялық пештердің технологиялық ойықтары, құятын машиналар жергілікті сорғыштармен жабдықталуы керек.

85. Техникалық көміртек өндірісінде текшелеп буатын машиналар ыдырауды автоматты бақылайтын жергілікті тартқыш желдеткіштермен жабдықталуы керек

86. Қорғасын, мыс, никель, кобальт өндірісінде:

1) балқытудың барлық түрінде балқыту пештерінің балқытылған өнімдерді ағызатын науаларынан, тесіктерден, шлактық терезелерден, балқыту өнімдерін (штейндерді, шлактарды) құятын ожаулардан, шағылыстыратын және электротермиялық пештерге конвертерлік шлактарды құятын науалардан жергілікті тартқыш желдетулер қондырылуы керек;

2) материалдарды тасуға тағайындалған тюбельдерді тиейтін, түсіретін жерлер аспирациялануы керек;

3) электротермиялық пештердің күмбез үсті аймағынан, дистилляциялық пештердің реторттарынан, анодтарды, вейербарстарды сұытатын ванналардан, тұрақты жуатын машиналардан, катодтарды ақырғы рет жуатын ванналардан, оттегінсіз мыс өндірісіндегі индукциондық өзекті электр пештерінің тиейтін

тесіктерінен жергілікті сорғыштар орнатылуы керек;

4) КИП, пультпен басқару, демалыс бөлмелері, сынамаларға анализ жасайтын зертханалар ауамен толық қамтамасыз етілуі керек.

87. Никель өндірісінде төмендегілерден кететін жергілікті сору желдеткіштері қарастырылады:

1) дайын агломераттарды, сомдалған материалдарды конвейерге немесе теміржол вагондарына өздігінен түсірілетін жерінен;

2) конвертер шлактарын өндейтін электр пештерінің тиетін тесіктерінен, "КС" пештерінен, никель тотығын балқытатын доғал электр пештерінің тиетін төр езелерінен;

3) құятын машиналардан;

4) кендік термиялық пештердің күмбез үсті қеңістіктерінен және никель құрамдас материалдарды күйдіргеннен қалған қалдықтар мен никель тотығын түсіретін жерлерден.

88. Кюбелъмен бірге файнштейнді құрғақ үгітетін домалақ диірменнің түсіретін тесігі, конвертерлер бұрылған кезде іске қосылатын аспирациялық жабынмен жабдықталуы қажет. Автоклавты процесс кезінде флотомашинадарға, классификаторларға, сұзгіш-престерге, електерге ауа сорғыштары бар жабындар қарастырылуы қажет.

89. Карбонилді әдіспен никель алу және кобальт өндірісінде:

1) синтездеу, ректификациялау, ыдырату, пісіру, өлшеп салу және балқыту бөлмелерінде сонымен бірге, компрессорлар мен насостар кабиналарында есік ашылған кезде 20 паскальға тітіркендіретін ағынды-сорғыш желдеткіштер орнатылуы керек;

2) никель карбонилінің буы шығатын бөлмелерде апат желдеткіштері болуы керек. Оның қосылуы газ анализаторларынан автоматты түрде жүргізіледі;

3) күкіртті газ алатын бөлмелердегі балқытқыш моншалар үстін тұтас жабатын 1,5-2 м/сек жылдамдықтағы жабындармен және екі зоналы жалпы көлемдік тартқыштармен қамтамасыз ету керек;

4) шаң шығатын көздердің бәрі (кобальт гидрототығын қыздыратын пештер, шихталарды жинайтын, ұнтайтын, ұсақтайтын және футеровкалар мен шлактарды магнитті елейтін, тауарлық кобалт тотығын ыдыстарға құйыстыратын жерлер, балқытқыш пештер маңы, кальцинирлинген соданы еріту үшін қолданылатын агитаторлар, қалдықтарды кюбелдерге салатын жерлер) жергілікті сорғыштармен жабдықталуы керек.

90. Молибден және вольврам өндірісінде:

1) аммоний парамолибдатын ұсақтайтын, кептіретін, тотықсыздандыратын, күйдіретін, елейтін, жарамсыз штабиктер мен тұнбаларды ұнтайтын бөлімдер бөлмелеріндегі жұмыс орнына ағынды ауа бірқалыпты берілуі тиіс;

2) электромагниттік елеу кезінде құйғыштарға кендерді салатын, қүйдірілген кендерді түсіретін, біріктірілген кендерді пештерден алатын, сусымалы ұнтақ материалдарды елейтін және ыдыстарға салатын жерлер, сонымен бірге буландыратын бөшкелер тиімді тартқыш желдеткіштермен жабдықталған жабындармен қамтамасыз етілуі керек.

91. Магний және оның қорытпалары өндірісінде:

- 1) ағынды ауа тікелей жұмысшының жүретін жолдарына берілуі керек;
- 2) электролиз цехындағы жұмыс орнындары ағынды желдеткіштермен жа б д ы қ т а л у ы қ а ж е т ;

3) магний бөлінетін жерлерден жергілікті тартқыш желдеткіштермен сорылатын ауа міндетті түрде тазартылуы керек.

92. Т и т а н өндірісінде:

1) хлорлайтын цехтардағы жалпы ауа алмасу механикалық желдеткіштер арқылы жүргізілуі керек. Жоғарғы аймақтағы ауаны тазарту үшін төменгі жағында механикалық басқарылатын қақпақшалары бар шахталар қондырылады;

2) кюбельдердің құрғақ конденсаторлармен құбырлы камералармен, жеңді сүзгіштермен қосылатын жерлері, жұмсалған қорытпаларды төгетін, пульпаларды түсіретін, қауіпті титанды құятын жерлер жергілікті сорғыштармен қ а м т а м а с ы з е т і л у і қ е р е к ;

3) алынбалы құрал-жабдықтар мен ажыратпалы коммуникацияларды тазартып, жуып-шаятын кабиналар тартқыш желдеткіштермен жабдықталуы керек.

93. Алтын алатын фабрикаларда:

1) желдеткіш жүйелермен ағынды ауа жұмыс аймағындағы тұрақты жұмыс орны мен жүретін жолдарға жіберілуі керек;

2) жабық бөшкелер мен цианды қайта өндейтін аппараттардағы және тұнбаны қышқылмен өндейтін бөшкелердегі ашық тесіктерден ауаның сорылу жылдамдығы 1,5 м/сек кем болмау керек;

3) Амальгама өндейтін және сынапты құйыстыратын сорғыш шкафтар тесігінен өтетін ауаның жылдамдығы 2 м/сек кем болмау керек.

94. Жергілікті сорғыштар мыналарды қарастыруы тиіс:

1) реагент бөлімдеріндегі улы реагенттер ыдыстарын ашатын және төгетін камерарадан ;

2) өндіріс қалдықтарын залалсыздандыратын бөлімдердегі залалсыздандырғыш аппараттардан;

3) циан қорытпасын еріту үшін араластыратын бөшкелерден;

4) барлық ерітінділерді жинайтын бөшкелерден (жұмыстағы, алтыны алынған, айналымдағы), сүзгішпен қамтамасыз етілген тазартқыш бөшкелерден басқасы;

5) циан қорытпаларының дискілі қоректендіргіштерінен.

95. Электролиз сорбциясы мен регенерациясы бөлмелерінің және реагенттік цехтың кіретін есіктерінде желдеткіш құрылғылардың жұмысын хабарлайтын жарық сигналдар қондырылуы қажет.

96. Амальгамациялық бөлімдердегі тартқыш желдеткіштердің ауа жолдары сынап буының сорылуынан сақтандыратын жабындармен жабылуы керек. Амальгациондық диірмендер мен олардың подшлюзникеірі механикалық сорғыштары бар сорғыш шкафттармен қамтамасыз етілуі керек.

97. Платина және платинаоидтар өндірісінде:

1) Негізгі технологиялық құрылғылар (шикізат қабылдайтын және орташалайтын (усреднение) машиналар, диірмендер, ұнтағыштар, реакторлар, сүзгіштер, тұндырғыштар, центрифугалар, пештер) желдету жылдамдығы тесіктерде 2 м/сек кем емес жергілікті сорғыштармен жабдықталуы керек. Желдің жылдамдығы зертханалық шкафттарда және камераларда 1.5 м/сек-тан кем б о л м а у ы к е р е к .

2) Өндіріс бөлмелері мен құрал-жабдықтарды тазарту тек ағынды-тартқыш желдеткіштер жұмысқа қосылған кезде ғана жүргізіледі.

98. Қалайы мен оның қорытпалары өндірісінде кептіргіш барабандар тазартқыш қазандар, шлакты гранулдейтін жырақтар, сонымен бірге, шихтаны тиейтін және күйдіргіш пештерден күйдірілген материалдарды түсіретін жерлер сорғышы бар жабындармен қамтамасыз етілуі керек.

99. Сирек кездесетін металдар өндірісінде (бұдан былай - СКМ) жабындылардан шығатын механикалық сорғыштар қарастырылуы қажет:

1) СКМ ажырататын участекелердегі экстракторлардан;

2) СКМ ерітетін резервуарлардан, тұздардың, оксалаттардың, карбонаттардың т.б. тұнбаларын алу үшін қолданылатын реакторлардан;

3) Сұзу участекелеріндегі сүзгіштерден;

4) Хлорид ерітіндісін буландыратын реакторлардан;

5) СКМ тұздарын қыздыратын айналмалы пештердің тиейтін және түсіретін тесіктерінен, камерлі пештер тесіктерінен, ұнтақтарды кептіретін шкафттардан;

6) Металл тұздарын тиглдерге тиейтін және оларды түсіретін, дайын ұнтақтарды орташалайтын және ыдыстарға салатын жерлерден;

7) ұнтақтарды суытатын жерлерден.

СКМ ұнтағын тиглдерге тиейтін столдар ауаның төменнен сорылуымен қамтамасыз етілуі керек.

100. Жасанды және табиғи жарық ҚНЕ-нің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7. Шу мен дірілге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

111. Өндіріс бөлімдеріндегі жұмыс орындарында шудың деңгейі істеп тұрған стандарт талаптарына сәйкес келуі тиіс. Шуыл деңгейі 80 дБА-дан жоғары цехтарда (бөлімдерде) шу деңгейі 40 дБА-дан аспайтын дем алатын бөлме қарастырылуы керек.

112. Басқару құралдарындағы және технологиялық құралдардың, өздігінен жүретін машиналар, жүк тиейтін машиналар, крандар операторларының жұмыс орындарындағы діріл жылдамдығының орташа квадраттық мәні (немесе олардың лагорифмдік деңгейі) істеп тұрған стандарттың мәнінен аспауы тиіс.

8. Санитарлық-тұрмыстық бөлмелерге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

113. Арнайы киімдер мен аяқ киімдерді кептіруге арналған шешінетін бөлмелерді механикалық жалпы алмастыратын ағымды-соратын желдеткішпен жабдықтау қажет (суық кездерде ауаның ағымын қыздыратын).

114. Киімлігіш үй-жайларында қосымша жабдық ретінде мыналар:

1) пленкалы дезинфекциялаушы препараттарды сақтауға арналған дәрі-дәрмек шкафтары (ауысымға дейін және одан кейін шағын жарақаттарды өңдеуге арналған), сондай-ақ табан терісі терлеуінің және тазқұрт ауруларының алдын алуға арналған дәрі-дәрмектер;

2) қорғаныш пасталар мен жуу құралдарына арналған арнайы дозатор-құрылғылар қарастырылуға тиіс.

115. Жуынатын орындарда едендер, қабырғалар және төбелерді жуғыш және залалсыздандырғыш құралдарды пайдалана отырып ыстық сумен жеңіл-желпі тазалап жуып отыру қарастырылады, сонымен қатар жуыну кабиналарынан қолданылған су ағып кетіп отыруы қажет.

116. Гидрометаллургиялық, реагенттік бөлімдерде, фтор тұздары өндірісіндегі күкіртқышқылдық және пеш бөлімдерінде, зертханалық бөлмелерде жұмыс орнынан 25 м-дей қашықтықта көз гидранттары мен қауіпті заттарды жедел жуу үшін автоматты қосылатын және медицина қызметкерлерін шақыратын сиренасы бар апат кезіндегі душтар қарастырылуы керек.

117. Барлық өндірістегі жұмысшылар үшін жұмыс кезінде дем алатын бөлмелер қарастырылады. Өндіріс бөлмелерінде тамақты сақтауға және тамақ ішуге тыйым салынады.

118. Глинозем өндірудің барлық негізгі технологиялық цехтарында арнайы киімді шаңнан тазалауға арналған үй-жайлар мен жабдық қарастырылуға тиіс.

119. Денсаулық пункттерінде олар теріге немесе көзге түскен кезде белсенді өндірістік заттарды бейтараптандыруға мүмкіндік беретін (закымдалған жерді сумен жуғаннан кейін) инактиваторлар жинағы болуға тиіс.

120. Алтын алатын фабрикалардың цианды қайта өндеу өндірістік үй-жайларында, сорбция, регенерация, реагентті ерітінділерді дайындау бөлімшелерінде цианға қарсы препараттармен жабдықталған шұғыл дәрігерге дейінгі көмек пункттері жабдықталуға тиіс.

121. Жұмысшылар арнағы киімдермен, аяқ киімдермен және жеке басын қорғайтын заттармен жұмыс істеу тиіс.

122. Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау Министрінің 2004 жылы 12 наурыздағы N 243 бүйріғына сәйкес барлық жұмысшылар жұмысқа кірерде және үнемі медициналық тексеруден өтуі тиіс, ол Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуіндегі N 2780 реестрінде тіркелген. Сонымен қатар, барлық жұмысшылар істеп тұрған НҚА-ге сәйкес кіріспе және біріншілік жұмыс орнында, қайталап, жоспардан тыс және көзделген нұсқаулар, жүйелі өндірістік нұсқаулар алып, техника қауіпсіздігі және улы заттармен жұмыс істеу кезінде жеке бастың гигиеналық шаралары жөнінде сынақтан өтулері тиіс.

"Тұсті металлургия кәсіпорындарын
қамтамасыз етуге және
пайдалануға қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық
талаптар" санитарлық-
эпидемиологиялық ережелері
мен нормаларына

қосымша

**Жұмыс аймағы ауасындағы зертханалық өндірістік
бақылауға алынуға тиіс негізгі зиянды
заттардың тізімі**

Өндіріс участкерлері	Зиянды заттар
Глинозем өндірісі	Шикізат материалдарының, спектер, глиноземдер, сілтілер, хром қосылыстары, көміртегі тотығының шаң-тозандары, күкіртті ангидриді
Электрод материалдары өндірісі	Көміртек материалдары, таскөмір шайыры мен пектерді айдау, бенз(а)пирин, көміртек тотығы, күкіртті ангидрид
Техникалық көміртегі өндірісі	Көмір бенз(а)пирен, көміртегі тотығы шандары
Алюминий электролизі цехтары	Глинозем құрамдас шандар, фторлы қосылыстар, таскөмір шайыры мен пектерді айдау, бенз(а)пирен, көміртек тотығы

Кремнезем кұрамдас, көміртекті шандар, фторлы

Электролизерларды күрделі жөндеу цехтары

	косылыстар, тасқөмір шайыры мен пектерді айдау, бенз(а)ипирин, аммиак, азотtotықтары, көміртек totығы
Фторлы тұздар өндірісі	Фторлы қосылыстар, сілтілер, құкірт қышқылы
Екіншілік алюминий өндірісі	
Шихта бөлімі	Алюминий қорытпасының шандары
Кептіру бөлімі	Алюминий қорытпасының шандары, май аэрозольдары және оның жоғары температуралық деструкциялық өнімдері, акролеин, көміртек totығы, құкіртті ангидрид
Балқыту бөлімі	Алюминий қорытпасының шандары, май аэрозольдары және оның жоғары температуралық өнімдері, акролеин, көміртек totығы, құкіртті ангидрид, хлорлы және фторлы сутектер, фторлы сутек қышқылының тұздары
Қорғасын өндірісі	
Ұнтақтау-шихта бөлімі	Қорғасын, мышьякты ангидрид
8.2. Агломерация және балқыту бөлімі	Қорғасын, мышьякты ангидрид, құкіртті ангидрид, көміртек totығы
Тазарту бөлімі	Қорғасын, мышьякты ангидрид құкіртті ангидрид, сілті
Мырыш өндірісі	
Ұнтақтау-шихта бөлімі	Қорғасын
Барабанды кептіру бөлімі	Цинк, қорғасын, мыс
Күйдіру және балқыту бөлімдері	Қорғасын, цинк, мышьяқ, құкіртті ангидрид
Сілтілеу бөлімі	Құкірт қышқылының аэрозолі, цинк сульфаты фторлы және мышьякты сутектер
Дистилляция бөлімі	Қорғасын, цинк, көміртек totығы, хлор
Электролиз бөлімі	Құкірт қышқылының аэрозолі, цинк сульфаты, тұз қышқылы
Газды генератор бөлімі	Көміртек totығы
Мыс өндірісі	
Шекемтастар дайындастын ұнтақтау-шихта бөлімі	Шикізат шандары
Флотациондық және реагент бөлімдері	Флотореагенттер
Шихтаны күйдіретін және агломерациялық бөлімдер	Мыс, қорғасын, мышьякты ангидрид, мышьякты сутек, құкіртті ангидрид, көміртек totығы
Шағылыспалы балқыту және штейнді конвертилеу бөлімдері	Мыс, қорғасын, цинк, берилий, мышьякты ангидрид, құкіртті ангидрид, мышьякты сутек, құкіртті сутек, фторлы сутегі

Электротермиялық, оттегілік- кивенттік балқыту бөлімдері	өлшеулік және	Мыс, корғасын, цинк, мышьякты ангидрид, мышьякты сутек, күкіртті ангидрид, көміртек тотығы
Мысты отпен тазарту бөлімі		Мыс, қорғасын, күкіртті ангидрид, көміртек тотығы
Электролиз бөлімі		Күкірт қышқылы, мыстың, никелдің күкіртқышқылды гидроаэрозольдер

Никель өндірісі

Шихта және ұнтақтау бөлімдері, қоймалар	Шаң, кремнийдің бос қостотығы
Кептіру-престеу бөлімі және аглофабрикадағы бөлімдер	Никель қосылыстарының аэрозольдері, күкіртті ангидрид, көміртек тотығы, әк (известъ)
Балқыту бөлімдері (кенді термиялық және шахталық балқыту, штейндерді конвертируеу)	Никель қосылыстарының аэрозольдері, көміртек тотығы, күкіртті және күкірт ангидридтері
Күйдіру-тотықсыздандыру бөлімдері	Никель қосылыстарының аэrozольдері, күкіртті және күкірт ангидриді, көміртек тотығы, хлор
Автоклавтық-химиялық бөлім	Никель қосылыстарының аэrozольдары, күкіртті ангидрид
Никель электролизі цехы	Никель қосылыстарының аэrozольдары
Кобальт цехтарының гидро бөлімі	Никель қосылыстарының аэrozольдары, хлор, суда ерігіш кобальт қосылыстары және күкіртті ангидрид
Кобальт цехының пиробөлімі	Кобальт (тотықты қосылыстар)
Карбонилді процесспен никель алу	Никель карбонидінің аэrozольдары, көміртек тотығы

Молибден өндірісі

Ұнтақтау-транспорт бөлімі, майдалау және жіктеу, сұзу, кептіру, концентраттарды буып-тұю	Шикізат шаңы
Флотореагенттер бөлімі	Күкіртті натрий, күкіртті көміртек, күкіртті стек, пропилен тотығы, бутил спирті, скапидар, керосин, минералды майлар
Флотация, қоюлату және сұзу бөлімдері	Ксантогенат гидрозолі, натрий метасиликаты, күкіртті натрий, күкіртті сутегі, күкіртті көміртек, пропилен тотығы, бутил спирті, минералды майлар
Концентраттарды кептіру бөлімі	Күкіртті ангидрид, көміртегі тотығы, молибден, мыс, селен, теллур аэrozольдары
КС пештерінде концентраттарды күйдіру бөлімі және айналмалы пештерден шығатын циклонды шаңдар	Күкіртті ангидрид, көміртек тотығы, молибденнің, селениң, теллурдың, кремнийдің қос тотығының дезинтеграциясы мен конденсациясының аэrozольдары
Күйік қалдығын сілтілеу және электросұзгіштерден шығатын циклондық шаңдар, сұзгіш, центрифуга участекелері	Аммияк, тұз қышқылының буы, күкіртті ангидрид, күкіртті сутек
Молибдат аммонийді парамолибдат амонийға кристализациялайтын, центрифугалау, ірілету және өлшеп түю участекелері	Аммиак, тұз қышқылының буы, күкіртті ангидрид
Аммоний парамолибдатын қызыдыру және молибден тотығын металға дейін тотықсыздандыру	Аммиак, көміртек тотығы, молибден аэrozольдері
Штабиктерді пісіру участекелері	Сілті аэrozольдары, молибден аэrozолі

Престеу участкесі	Металды молибден
Вольфрам өндірісі	
Ұнтақтау-ұсақтау бөлімдері	Шикізат, вольфрам шаңдары
Кендерді және соданы пісіру	Сілтілер мен вольфрам аэрозольдары
Күйдіру бөлімі	Құқіртті ангидрид, көміртек тотығы, вольфрам
Сілтілеу бөлімі	Сілтілер, тұз қышқылы, вольфрам аэрозольдары, аммиак
Кептіру және өлшеп-тұю бөлімдері	Вольфрам
Вольфрам металын өндіру бөлімі	Вольфрам аэрозолі
Магний өндірісі	
Карналлитті түсіретін участке	Шикізат шаңы
Карналлитті сузыздандыратын участке	Тұз қышқылы
Электролиз бөлімі	Магний, хлор, хлорлы сутек
Магний-сынап қорытпаларын алатын бөлім	Магний, сынап
Қорытылған прокаттық листтерді үйетін участке	Сынап бұры
Магний-сынап қорытпаларын және механикалық өндейтін участке	Магний, сынап бұры
Титан өндірісі	
Ұнтақтау-үгіту бөлімі, шикізат қоймалары	Шикізат шаңы, титан костотығының аэрозолі
Хлорлау және төртхлорлы титанды тазарту бөлімдері	Хлор, хлорлы сутек, фосген, төртхлорлы титан
Тотықсыздандыру және дистилляция бөлімдері	Хлорлы сутек, хлор, төртхлорлы титан
Титан губкаларын қағу және өңдеу бөлімдері	Титан аэrozолі
Алтын алу фабрикалары	
Ұнтау-транспорт бөлімі	Кремнийдің қостотығы
Тұндыру бөлімі	Цинк
Алтын алу технологиясының сорбциялық және тұнбалық бөлімі	Цианидті сутек
Алтын алудың амальгамацияндық технологиясы бөлімі	Сынап бұры
Орнына келтіру және электролиз бөлімдері	Цианидті сутек, қышқылдар бұры, сілтілер аэрозольдары, аммиак
Сурьмалы, мышьякты, сульфидті кендерді агитациялау, қойылту және гравитациялық байыту бөлімдері	Мышьякты сутек, құқіртті ангидрид
Флотация бөлімі	Құқіртті сутек, құқіртті көміртек
Платина және платинаоидтар өндірісі	

Шикізаттарды қабылдау және дайындау бөлімдері, дайын өнімдер бөлімі	Платинді металдардың шаңдары
Гидрометаллургиялық процестер бөлімі	Платинді металдар, аммиак, хлор, азот тотығы, азот, тұз қышқылдарының булары
Пирометаллургиялық процестер бөлімі	Платинді металдар және олардың косылыштары
Қалайы және оның қорытпаларын өндіру	
Кен концентраттарын жетілдіру және сілтілеу цехтары	Корғасын, қалайы, құкірт және тұз қышқылының, керосиннің, қсантоғенаттың булары, хлорлы сутек, құкіртті сутек, табиғи радиоактивті элементтердің шаңдары
Кептіру бөлімі	Құкіртті сутек, құкіртті көміртек, төртхлорлы көміртек, көміртек
Күйдіру бөлімі	Қорғасын, кремнийдің костотығы, құкіртті газ, көміртек тотығы, мышьяк, табиғи радиоактивті элементтер шаңы
Түйіршіктерді жаю және кептіру	Қорғасын, қалайы, мышьяк тотықтары, кремнийдің костотығы, көміртек тотығы, мышьякты көміртек
Балқыту бөлімі	Кремнийдің қостотығы, қалайы, мышьяк, корғасын кондесациясының аэрозольдары, азот тотығы, мышьякты сутек, көміртек тотығы, құкіртті сутек, хлор, табиғи радиоактивті элементтердің шаңы
Фьюминг бөлімі	Қалайы, кремнийдің қостотығы, табиғи радиоактивті элементтердің шаңы
Тазарту (рафинирлеу) бөлімі	Қорғасын, мышьякты және суръалы сутектер, табиғи радиоактивті элементтердің шаңы
Қалдық қоймасы	Құкіртті сутек, құкіртті көміртек, құкірт қышқылы, табиғи радиоактивті элементтердің шаңы
Сирек кездесетін металдар өндірісі	
Радиоактивті элементтер коспасы бөлімінде	"Табиғи радиоактивті элементтермен жұмыс істеудің санитарлық ережелері" және "Радиоактивті заттар және басқа иондаушы сәулелер көзімен жұмыс істеудегі негізгі ережелерін" жетекшілікке ала отырып, радиациялық бақылау жүргізу
P3M каскадты бөлімдері	Трибутилфосфат, азот қышқылының булары
Елеуге, шихталауға және ұнтақтарды өлшеп бууга байланысты барлық жұмыстар, сонымен бірге тиेу-түсіру жұмыстары	P3M шаңдары
Гидрометаллургиялық және гидрохимиялық процестер цехтары	Аммиак, азот тотығы, азот және тұз қышқылдарының булары, хлор, фторлы сутегі
Сирек кездесетін металдар фторидын алу бөлімі	Фторлы сутегі